


ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2023 жылдың III-тоқсаны

Бөлшек саудалық депозит нарығының даму барысы

Бөлшек саудалық депозит нарығы – елдің банктік экожүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Біріншіден, жеке тұлғалардың депозиттері банк секторын ақшалай қорландырудың маңызды қаржы көзі. Өйткені тұрақты, жоғары деңгейде әртараптандырылған және банктер үшін қолжетімді. Екіншіден, халық үшін банк депозиттері – артық ақшаны сақтаудың және молайтудың анағұрлым ыңғайлы, түсінікті және сенімді қаржы құралы. Қалың бұқара топтары үшін дәл осындай қарапайым, сенімді, табыстылығы тартымды қаржы құралдары жоқ десе де болады. Оның үстіне халықтың банк секторына деген сенімі жоғары. Бұл жерде сенімнің жоғары болуына депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қосар үлесі зор. Міне, осы себептерге байланысты халық тарапынан депозиттерге деген сұраныс жоғары. Қорыта келе айтар болсақ, форс-мажорлық (еңсерілмейтін күштер) жағдайлардың нәтижесінде қысқа мерзімді құлдырауға қарамастан (мысалы, 2022 жылдың I тоқсаны) бөлшек саудалық депозит портфелінің көлемі ұдайы өсуде. 2023 жылдың III тоқсанында да солай болды – жеке тұлғалардың депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жинақ ақшалары 628,2 млрд теңгеге артып (+3,5%), тоқсанның соңына қарай 18,6 трлн теңгеге жетті (1-сурет). Өсім жылдық есепте 27,0%-ды құрады (өткен жылдың сәйкес кезеңінде өсім – 17,1% болған еді). Депозиттер көлемінің ұлғаюы халықтың атаулы табысының өсімінен де жоғары екендігін ескерсек (2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2023 жылдың 8 айында +16%¹), депозит портфелі өсімінің айтарлықтай үлесін бұрын ашылған депозиттер бойынша есептелген сыйақылар құрайды деп болжам жасауға болады. Шынында да қазіргі уақытта банктердің пайыздық мөлшерлемелері жоғары.

Теңгенің айырбас бағамының уақытша өзгеруі депозит нарығының тұрақтылығына кері әсер ете алмады. Бұл халықтың ұлттық құндылықтарға ден қоя бастағанын және сәйкесінше ұлттық валюта беделінің арта бастағанын білдіреді. Қазіргі уақытта айырбас бағамы депозитті қай валютада ашу керектігін таңдауда бұрынғыдай шешуші фактор емес. Бұрындары ұлттық валюта босаңсыған шақта теңгелік депозиттер валюталық депозиттерге ағыла бастайтын. Халықтың ұлттық валютаға деген сенімінің нығаюы және теңге бағамының одан әрі тұрақталатындығын күтуі теңгелік депозиттердің одан әрі өсуіне ықпал етті. Бұл бүкіл бөлшек саудалық депозит нарығын одан әрі дамыта түседі. Бұдан басқа, теңгелік депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері ұлттық валюта бағамының төмендеу дәрежесінен жоғары. Бұл да өз кезегінде теңгелік депозиттік базаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осылайша III тоқсанда теңгелік депозиттердің өсімі 700,0 млрд теңгені құраса (5,6%), бір жыл ішінде өсім 3,6 трлн теңгеге (+37,9%) жетті (2-сурет).


1-сурет. Халық депозиттерінің тұрақты өсуі жалғасуда



2-сурет. Теңгелік депозиттердің тартымдылығы сақталуда



3-сурет. Валюталық депозиттердің қысқаруы жалғасуда



¹ Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы және нақты ақшалай табыстары (ай сайынғы), www.stat.gov.kz

Есепті тоқсанда АҚШ долларының нығайғандығына қарамастан, шетел валютасындағы депозиттердің жылыстауы жалғасты. Қоғамда теңгелік депозиттердің валюталық депозиттерге ағылатындығы күтілген еді. Бірақ олай болған жоқ. 2023 жылдың басынан бері біртіндеп азайып жатқан валюталық депозиттердің қысқаруы одан әрі жалғасаты: III тоқсанда валюталық депозиттердің көлемі 71,8 млрд теңгеге қысқарса (-1,3%), жыл басынан бергі жылыстау 347,5 млрд теңгені (-6,1%) құрады (3-сурет). Бұл ретте «әлемдік нарықта базалық мөлшерлемелердің өсу циклі енді аяқталады» деген болжамдар білікті инвесторларды жоғары табыстылықты сақтап қалу үшін валюталық салымдарын шетел валютасындағы балама қаржы құралдарына ауыстыруға итермелейді.


Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.


Депозиттер құрылымында сегменттер бойынша бұқаралық сегменттің үлесі біртіндеп азайып жатыр. Бұқаралық сегменттің азаюына жоғары инфляция аясында азаматтардың алатын табыс деңгейінің жоғарылауына байланысты орта сегментпен шектесетін сомалардың ішінара сол сегментке ағылуы себеп болуда. Сонымен қатар депозиттерінде аз көлемде ақша жинаған салымшылардың ақша жинау қабілеті төмендеуде. Өйткені күнделікті тауарларға кететін шығындар халық табысының елеулі бөлігін алатын болды. Айталық, III тоқсанда 3 млн теңгеге дейінгі депозиттер 2,4%-ға қысқарды. Ал басқа сегменттерде керісінше өсім байқалды. Орта және ірі сегменттердегі депозиттер бойынша жоғары қарқынды өсім тіркелді – тоқсандық өсім 2,3%-дан 8,9%-ға дейін болды. Азық-түлік инфляциясы орта сегмент салымшыларына айтарлықтай кері әсер ете алмады. Олардың бір жағы депозиттері бойынша есептелген сыйақыларының есебінен өскен табыстары жинақ ақшаларының жоғары қарқынмен өсуіне септігін тигізуде – жылдық есепте 43%-ға дейін жетті. Нәтижесінде депозиттер құрылымында бұқаралық сегменттің үлесі өткен жылдың 3-тоқсанымен салыстырғанда 1,8 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендесе, орта және ірі сегменттердің үлестері сәйкесінше 1,7 п.т. және 0,1 п.т.,-ға жоғарылады (4-сурет).

Теңгелік депозиттер бойынша өсім барлық сегменттерде байқалса, шетел валютасындағы депозиттер бойынша жылыстау бұқаралық және ірі сегменттерде байқалуда. Бұқаралық сегментте валюталық депозиттердің қысқаруы негізінен қалдық ақшасы 5 млн теңгеге дейін болатын салымшылар есебінен орын алды – қысқару 2,5%-ды құрады; ал ірі сегментте қалдық ақшасы 500 млн теңгеден асатын салымшылардың есебінен туындады – қысқару 5,0%-ды құрады. Бұл жерде бұқаралық сегментте валюталық депозиттердің бір бөлігі теңгелік депозиттерге жоғары пайыздық табыс алу мақсатында ауыстырылды, ал ірі сегментте салымшылар валюталық депозиттерін негізінен


4-сурет. Бұқаралық сегменттің үлесі қысқаруда



5-сурет. Бұқаралық және ірі сегменттерде валюталық депозиттердің жылыстауы байқалуда



6-сурет. Мерзімсіз депозиттер депозиттік портфельдің негізін құрайды (трлн теңге)



шетелдік бағалы қағаздарға немесе басқа да балама қаржы құралдарына инвестициялау үшін алады деп болжам жасауға болады. Осылайша жылыстау нәтижесінде 2023 жылы валюталық депозиттердің жылдық өсу қарқыны айтарлықтай төмендеді – жыл басында 23,5% болса, 2023 жылдың 01 қазанына қарай бар болғаны 6,3% болды (5-сурет).

Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы


Тұрақты қорландыру үлесі² біртіндеп ұлғайып жатыр (есепті тоқсанда 9,2%-ды құрады), алайды мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін депозиттер (мерзімсіз салымдар) әлі де бөлшек саудалық депозит портфелінің негізі болып қалуда (олардың үлесі 63,7%-ды құрайды) (6-сурет). 2023 жылдың III тоқсанында мерзімсіз салымдардың өсімі 5,0%-ды құрады (жылдық есепте – 31,2%). Мерзімді салымдар көлемінің 2023 жылы тұңғыш рет 1,6%-ға ұлғайғаны және жинақ депозиттерінің 14,4%-ға айтарлықтай өсуі нәтижесінде тұрақты депозиттердің оң серпін алғаны байқалды. Мерзімді және жинақ салымдарды тарту көлемінің өскендігін олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері мерзімсіз салымдардың мөлшерлемелеріне қарағанда анағұрлым тартымды болғандығымен түсіндіруге болады. Атап өту керек, өсім көбінесе 3 және 6 айға дейінгі қысқа мерзімдерге арналған теңгелік депозиттердің тұрақты түрлерінде байқалды. Осылайша салымшылар өз қаражаттарына қысқа мерзімді кезеңде қол жеткізу мүмкіндігін сақтай отырып, жинақ ақшалары бойынша жоғары табыстылықты бекітуге тырысты.

Салымдардың долларлануы

Шетел валютасының нығайғанына қарамастан, депозит нарығының долларсыздану үрдісі сақталуда (7-сурет). Тоқсанның соңына қарай долларсыздану деңгейі 29,0%-ға дейін төмендеп, кезекті рекордын жасады (2022 жылдың III тоқсанында – 34,6%).


Долларлану депозит нарығының барлық сегменттерінде төмендеуде, алайда ірі сегментте әлі де жоғары деңгейде. Валюталық депозиттердің ең аз үлесі бұқаралық секторда тіркелді – 12,5%. Ол есепті тоқсанда 0,2 п.т.-ға, ал жылдық есепте 2,5 п.т.-ға төмендеді. Ірі сегментте де айтарлықтай төмендегені байқалды (тоқсан ішінде – 4,5 п.т., жылдық есепте – 11,1 п.т.). Осы ретте бұл сегментте долларлану деңгейі әлі де сындарлы деңгейден жоғары (8-сурет). Есепті тоқсанда валюталық депозиттердің жылыстауы негізінен депозиттеріндегі қалдық ақша 500 млн теңгеден асатын ірі салымшылар арасында орын алды (бұл сегментте долларлану деңгейі 5,3 п.т.-ға төмендеді). Бұл салымшылар жинақ ақшаларын банк секторынан табыстылығы едәуір жоғары, шетел валютасындағы балама қаржы құралдарына аударған болса керек. Долларланудың жалпы деңгейінде ірі сегменттің үлесі 18,5%-ды, бұқаралық сегменттің үлесі 6,4%-ды, орта сегментте 4,0%-ды құрады.

7-сурет. Доллар бағамының нығайғандығына қарамастан, депозиттердің долларлануы төмендеуде




* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады

8-сурет. Барлық сегменттерде долларсыздану байқалады



9-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеме өсті



² Тұрақты қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі аясында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

Сыйақы мөлшерлемелері


2023 жылдың III тоқсанында ҚР Ұлттық Банкінің жүргізіп жатқан ақша-несие саясаты аясында ақша нарығында мөлшерлемелердің төмендегеніне қарамастан, қысқа мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер өсті. ҚДКБҚ шекті (максималды) мөлшерлемелері мен банктердің нарықтық мөлшерлемелері үшін бағыт-бағдар рөлін атқаратын ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі 2023 жылдың тамызында 16,75%-дан 16,5%-ға төмендеді. ҚР Ұлттық Банкі мен ҚДКБҚ әрекеттеріне жауап ретінде банк секторы нарықтық мөлшерлемелерін көтерді. Бұлай жасауларына салымшылардың іс-әрекеті ықпал етті. Олар базалық мөлшерлеменің одан әрі түсетіндігіне қатысты нарықтық жорамалдарға байланысты есепті тоқсанда максималды сыйақы мөлшерлемесі белгіленген салымдарына қосымша қаржы салып, олардың ағымдағы жоғары табыстылығын одан әрі бекіте түсті. Айталық, депозиттік портфельдің негізгі бөлігін құрайтын мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме есепті тоқсанда 0,2 п.т-ға көтеріліп, тоқсанның соңына қарай 15,3%-ды құрады (9-сурет) Қысқа мерзімді тұрақты депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер (мерзімді және жинақ салымдар) 0,1-0,7 п.т.-ға өсті (10-сурет және 11-сурет).

ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің төмендегені ұзақ мерзімді тұрақты депозиттерге де әсер етті. Стандарттық мерзімі 24 айды құрайтын мерзімді және жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер қыркүйек айында сәйкесінше 0,8 п.т.-ға және 0,3 п.т.-ға төмендесе, мерзімі 12 айды құрайтын жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер 2,6 п.т.-ға төмендеді.


Мерзімсіз және қысқа мерзімді тұрақты депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер әртүрлі бағытта қозғалғандықтан спред³ есепті тоқсанда орта есеппен 1,2 п.т-ға дейін төмендеді (II тоқсанда 1,5 п.т. болған еді), ал ұзақ мерзімді тұрақты депозиттер бойынша 4,0 п.т-ға дейін көтерілді (II тоқсанда 3,7 п.т. болған еді).

Елде инфляциялық қысымның төмендеуі аясында қысқа мерзімді депозиттер бойынша нақты табыстылық өсуін жалғастыруда. ҚР Ұлттық Банкінің тиімді шаралары және шетелдік орталық банктердің қатал ақша-несие саясатының одан әрі жалғасуы Қазақстанда 2023 жылдың қыркүйегінде жылдық инфляцияны (ағымдағы жылдың маусымындағы 14,6%-бен салыстырғанда)⁴ 11,8%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер 15,3%-ды құраса, мерзімді депозиттер бойынша 16,1%-ға, ал жинақ салымдар бойынша 17,5%-ға жетті. Соның арқасында ағымдағы жылдың III тоқсанында мерзімсіз және қысқа мерзімді депозиттер бойынша орташа нақты табыстылық 3,3 п.т. деңгейінде қалыптасты. Бұл ақша жинау құралы ретінде депозиттердің тартымдылығын арттыра түседі. Айта кетелік, бұған дейінгі тоқсанда нақты табыстылық 0,3 п.т. болған еді.

10-сурет. Мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер нарықтық болжамдарды білдіреді



11-сурет. Жинақ салымдары бойынша нақты табыстылық өсуде



³ Қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен депозиттік өнімнің нақты түрі бойынша шекті мөлшерлеме арасындағы айырмашылық

⁴ Өңірлердегі инфляциялық үрдістер, www.nationalbank.kz